

К.Ж. Бельдибаева^{1*}, А.А. Умырзакова², Ғ.Т. Үсембаева³

^{1,2}*Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан;*

³*Еуразиялық технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан*

¹*kuanysh.beldibaeva@narхоз.kz, ²a.umyrazkova@mail.ru*

³*Usembaeva.g@etu.edu.kz*

¹<https://orcid.org/0000-0002-7042-3784>, ²<https://orcid.org/0000-0001-9594-7974>

³<https://orcid.org/0000-0001-8771-6930>

Пандемия және әлеуметтік-экономикалық даму индекстері: Қазақстан мысалында

Аңдатпа

Мақсаты: Пандемияның салдарынан елдердің әлеуметтік-экономикалық индикаторлары төмендеді. Кедейлік шегі, өмір сүру ұзақтығы, күн көріс деңгейі сияқты мәселелердің қазіргі уақытта өзектілігі жоғары. COVID-19 әлемдегі кедейлік шегінің құрылымына өзгеріс енгізді. Мақалада халықтың әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеуде Халықаралық ұйымдардың көрсеткіштеріне, БҰҰ және Өлемдік банк деректеріне, пандемия салдарынан қалыптасқан 1,90 долларға тең жаһандық кедейліктің ең төменгі кедейлік шегінің жаңа шамасының қалыптасуы, халықтың өмір сүру көрсеткіштері мен Қазақстанның әлемдік тұрақтылық рейтингісіндегі орны мен М. Портердің Әлеуметтік даму индекстеріне сәйкес республикадағы әлеуметтік көрсеткіштердің мықты және осал жақтары талданған.

Әдісі: Қолданылған әдіснамалар мен тәсілдер: статистикалық мәліметтер негізінде салыстырмалы талдау.

Қорытынды: Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, әлеуметтік-экономикалық даму индекстеріне біршама факторлар әсер ететіні анықталды. Мемлекеттің экономикалық тұрақтылығы тікелей әлеуметтік индикаторларға тәуелділігі талданды.

Тұжырымдама: БҰҰ-ның 2015 жылы қабылдаған, 2030 жылдарға белгілеген Тұрақты дамудың күн тәртібіндегі 17 мақсатына сәйкес, әлемнің тұрақты, инклюзивті дамуы және кедейшіліктің жойылуы, әлеуметтік теңсіздікпен күресі және әділдікке қол жеткізу, экологиялық ахуал сияқты жаһандық мәселелері мемлекеттер үшін өзекті. Әлеуметтік дамуды, оның принциптерін зерттеп, 3 бөліктен тұратын 50-ден аса индикаторлар арқылы АҚШ-тың атақты ғалымы Майкл Портер 2013 жылы Әлеуметтік даму индекстерін өз зерттеулерінде қарастырған және аталған индекс әлемдік тұрақтылық индексіне әлем елдерінің рейтингісі анықталады. Бірақ бұл жерде экономикалық көрсеткіштер ескерілмейді.

Кілт сөздер: теңсіздік, әлеуметтік жағдай, кедейлік шегі, рейтинг, даму индексі.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық саясаты жоғары деңгейде іске асыру үшін аса маңызды шаралардың бірі халықтың тұрақты жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және кедейлікті азайту болып табылады. Қазіргі таңда кедейлік мәселесі бүкіл елге, қоғамға тән нәрсе болып келеді. Бұл мәселе біздің елімізге де әсер ететін ең өзекті мәселелердің бірі. Кедейліктің өзі — бұл әр түрлі түсіндірулерді тудыратын көп өлшемді ұғым, соның ішінде экономиканың әсер етуі, ерлі-зайыптылардың тұрмыстық жағдайының төменділігі, инфляция сынды түсіндірулерді жатқызуға болады. Кедейлік деңгейінің басым бөлігін ауылдық жерлер қамтиды.

Соңғы жылдары үкіметтің өтпелі кезеңнің адамдардың әл-ауқатының әсерін жұмсарту жөнінде тұрақтандыру саясатын жүргізгеніне қарамастан, қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін куәландыратын көптеген әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер елеулі өзгерістерге ұшырады. Жұмыссыздық едәуір өсті, халықтың нақты табысы төмендеді, өмір сүру ұзақтығы қысқарды және т.б. мұндай жағдайларда республикадағы кедейлік мәселелері өз орнын тапты. Инфляцияның елеулі қарқыны аясында жалақы, зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақы төлемдері бойынша халықтың кедей топтарының арасында қиындықтар туындады.

Қазіргі қалыптасып отырған елдердің әлеуметтік жағдайларының күрделенуі пандемияның, шектеулер мен локдаундардың нәтижесі. Аталған факторлар елдің тұрмыс-дәрежесін, әл-ауқаты мен табыстарының төмендеуіне әкелді. Көп мамандардың пікірлері бойынша 2020–2021 жылдар аралы-

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kuanysh.beldibaeva@narхоз.kz

ғындағы пандемия кезеңдегі дағдарыс 2008–2009 жылдардағы қаржылық дағдарыстан қарағанда едәуір және біздің мемлекеттіміздің әлеуметтік жағдайымызға елеулі әсер етті.

2019 жылғы Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес «Қарқынды дамыған және инклюзивті экономика» негізінде дамуы моделі және «Күшті аймақтар-күшті ел» принципіне байланысты дамуы, аймақтардың өркендеуі және 2022 жылғы Қазақстан Республикасының Президентінің «Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолдары» атты халқына Жолдауында экономиканың жаңаруы мен жаңғыруы инклюзивті экономикалық өсу жолына бағытталған [1].

Зерттеу сұрағы: Пандемия жағдайында Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық даму индекстерін жоғарлату.

Әдебиеттік шолу.

COVID-19 пандемиясының таралуының салыстырмалы түрде қысқа мерзіміне қарамастан, оның салдарын бағалау және жеңу үшін көптеген зерттеулер жүргізілді.

Сонымен қатар алдыңғы пандемияның экономикалық дамуға әсері, атап айтқанда олардың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне әсері туралы көптеген зерттеулер бар. Атап айтқанда, Кавалло, Галиани, Ной және Пантано (2013), Блум және Canning (2004) пандемияның болашақ қауіптерін алдын-ала білу және оларды басқару қажеттілігін көрсетеді. Токсан сайынғы макроэкономикалық модельді қолдануға негізделген мақалада (Jonung & Roeger, 2006) 2006 жылы ЕО-дағы пандемияға байланысты ЖІӨ өсуіне баға берілді. Бұл еңбекте ЖІӨ-нің өсуіне байланысты мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақты түрде ұстап тұруға мүмкіндік бар екені туралы жазылған. Сол үшін шағын және орта бизнесті дамытуға, қолдауға барлық жағдай жасалыну қажеттілігі жоғары екенін тұжырымдады.

Халықтың әлеуметтік жағдайын зерттеуші Қытай елінің зерттеушілеріне Xinya Yang және Liuna Geng еңбектеріне тоқталатын болсақ, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік сияқты бірнеше факторлар негізінде әлемдегі елдің денсаулық мәселесін бірлесе шешуді қарастырады [3]. Себебі халықтың денсаулық сақтау мәселелері әлеуметтік-экономикалық индекстерінің бірде-бір құрамдаушы бөліктерінің бірі болып саналады. Мақалада зерттеу нәтижесі көсеткендей пандемия кезінде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер ететін факторлар экологиялық, экономикалық, әлеуметтік ғана емес, сонымен қатар білім алу факторы да тығыз байланысты көрсетті. Яғни пандемия жағдайында әлеуметтік-экономикалық индекстерді көтеру үшін адам капиталына басты назар аудару қажеттілігі туралы жазылған.

АҚШ зерттеушісі Richard Estes 1970 жылдан бастап 2018 жылдар аралығындағы Азия, Африка, Латын Америка жерлерінің әлеуметтік мәселесін зерттеген, 48 жыл ішіндегі орын алған өзгерістерді талдайды [4]. Және де мақалада мемлекеттің дұрыс саясатты ұстануы халықтың әлеуметтік-экономикалық даму индекстеріне қаншалықты әсер ететіні бойынша қарастырылған.

Сонымен қатар, инклюзивті экономикалық өсу моделі негізінде аймақтар мен өңірлерді дамытуда кез келген азаматтың сыртта қалмай, бірігу арқылы экономикаға қосатын үлесі бар екені пайымдады. Әлеуметтік-экономикалық мәселені шешу қазіргі уақыттағы өзекті бағыттардың бірі. Әрі қарай, елдің әлеуметтік мәселесін ғылыми тұрғыда отандық және ресейлік зерттеуші ғалымдарды қарастырамыз.

Қазақстандық зерттеушілер А. Турысбекова және А. Өмірзақова елдің жағдайының өсуі өңірдің ресурстары мен потенциалына байланыстылығына тоқталады [2].

Ал А. Вебер мен В. Волович және басқа да ресей зерттеушілеріне тоқталатын болсақ, онда экономикадағы мүмкіндіктер арқылы мемлекет инклюзивті экономикалық өсуге қол жеткізуі арқылы әлеуметтік дамуға жетуге болатынын пайымдайды [5]. В. Волович зерттеулері жаңғыртуға байланыстылығын және сол арқылы әлеуметтік дамуға жетуге болатындығын, яғни синергиялық әсерін атап өтеді. Зерттеулерінде жаңғыртудың маңыздылығына тоқталады [6].

Отандық зерттеуші Г. Макенованың зерттеу тақырыбының өзектілігі экономикалық салалардың бірі ретіндегі ішкі туризмді және халықаралық туризмді дамытудың заманауи тенденцияларымен, табыс әкелу, жұмысты қамтуды арттыру, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін нығайту, халықтың әлауқатын арттыру мүмкіндігімен түсіндіріледі [7].

Туризм бағытын зерттеуші отандық ғалым республикамыздағы туризмнің дамуын ішкі әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен байланыстыра қарастырады. Халықаралық туризмді дамыту арқылы инфрақұрылымның дамуына және осы арқылы, қазіргі уақыттағы өзекті әлеуметтік мәселе шешімін

қоса талдайды. Қазақстандағы көрікті жерлердің бірі Алматы облысы мысалында республикамыздың туристік нарығына әсерін талдау негізінде зерттеледі [8].

Сонымен қатар, Майкл Портердің Әлеуметтік даму индекстері елдің өмір сүру деңгейін, халықтың әл-ауқатын бағалау үшін қолданылады [9].

Әдістер

Жалпы мемлекеттің әлеуметтік дамуын, халықтың әл-ауқаты мен өмір сүрудің жоғары деңгейін бағалауды зерттеу барысында талдау және біріктіру, салыстырмалы аналитикалық, ғылыми жалпылау әдістері, отандық зерттеушілер мен ғалымдар, ресей зерттеушілері, американдық, қытай ғалымдарының, сонымен қатар, БҰҰ мен Әлемдік банктің жинақтарындағы материалдары мен ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектерін салыстыру үшін қажетті логикалық әдіс пайдаланылады.

Майкл Портердің Әлеуметтік даму индекстерін зерттеу барысында 52 түрлі өлшемдер қолданылады және өлшемдер үш бөлімге бөлінеді.

Алғашқысына, адамға қажетті бірінші кезектегі құндылықтар, оларға: су, тағам, медициналық жәрдем, үй, электр шамы мен адамның жеке қауіпсіздігі;

Екіншісіне, адамға қажетті екінші кезектегі құндылықтар, оларға: білім алу, сауаттылық деңгейі, байланыс пен ақпарат көзі;

Үшіншісіне, адамға қажетті даму мүмкіндіктері: бостандық мүмкіндіктері, жеке құқық мүмкіндіктері болып табылады.

Әлеуметтік даму индексін есептеу шкаласы 0–100 аралығында орналасады. Әрі қарай, американдық ғалым М. Портер ұсынған Әлеуметтік даму индексі бойынша 2021 жылғы Қазақстан сценарийі мысалында талданған (кесте 1).

Кесте 1. М. Портер бойынша Әлеуметтік даму индексі: Қазақстан сценарийі, 2021 ж.

Индикаторлар	Мәні/ дәрежесі	Индикаторлар	Мәні/ дәрежесі	Индикаторлар	Мәні/ дәрежесі
Адамның бірінші кезектегі қажеттіліктеріне:	86,49 58	Адамның әл-ауқатының (салауаттылық) негіздеріне:	75,83 59	Адамның даму мүмкіндіктеріне:	54,38 94
Тамақтану және медициналық қызметтер	95,53 54	Білімге қол жеткізу	94,54 25	Жеке адамның құқықары	53,63 127
Су және санитария	93,93 54	Ақпаратқа және коммуникацияға қолжетімділігі	78,20 61	Толеранттылық және инклюзивтілік	30,01 139
Тұрғын үй	91,89 26	Денсаулық және әл-ауқат	61,69 88	Жеке бостандық және таңдау	71,58 46
Жеке қауіпсіздік	64,61 94	Экожүйенің тұрақтылығы (қоршаған орта)	68,87 77	Жетілдірілген білімге қолжетімділігі	62,30 56

Дереккөз: [9]

Бірінші кестеде берілген мәліметтерге байланысты 1 және 2 бөлімдері сары түске, 3 бөлім қызыл түсті беріп отыр. Сары түс — күтілетін ауқымда орындалуын және қызыл түс — көрсеткіштер шама-сының төмендігін білдіреді. Соның ішінде: адамның бірінші кезектегі қажеттіліктері мәні 86,49 мен адамның әл-ауқаты негіздері индикаторларының мәні 75,83 және 3 бөлімі адамның даму мүмкіндіктерінің мәні 54,38 тең.

Әрі қарай, Әлеуметтік даму индексіне сәйкес индикаторлардың мәні бойынша жоғарғы және төменгі көрсеткіштерді қарастырамыз (кесте 2).

Кесте 2. М. Портер бойынша Әлеуметтік даму индексі: Қазақстан экономикасындағы жоғарғы және төменгі көрсеткіштер.

Жоғарғы көрсеткіштері		Төменгі көрсеткіштері	
Тамақтану және негізгі медициналық көмек	95,53	Инклюзивтілік	30,01
Негізгі білімге қол жеткізу	94,54	Жеке адам құқықтары	53,63
Су және санитария	93,93	Денсаулық және сауықтыру	61,69
Баспана	91,89	Жетілдірілген білімге қол жеткізу	62,30
Ақпаратқа және коммуникацияларға қол жеткізу	78,20		

Дереккөз: [9]

Екінші кестеге сәйкес, 2021 жылғы жалпы Қазақстан республикасы бойынша Әлеуметтік даму индексінің жалпы ұпайы 72,23 және 64-ші орында болған (168 мемлекеттің ішінде). Адам басына шаққандағы ЖІӨ-гі жалпы ұпайы 25,337 долл., орны 49 тең. Қазақстан республикасының Әлеуметтік даму индексі қызыл түсті көрсетіп отыр, яғни артта қалған төрт индикаторлары әлеуметтік дамудың төмендігін, осал тұстарын айқындайды.

Әрі қарай, Әлеуметтің даму индексі мәліметтеріне сәйкес, 2021 жылғы алғашқы TOP-10-қа кіретін мемлекеттер мен Қазақстан Республикасының позициясы қарастырылады.

Халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы өлшемі халықтың өмір сүру ұзақтығы негізінде Әлеуметтік даму индексі анықталады. БҰҰ жылдық жинағында әлеуметтік көрсеткіштер шамасы жарияланады (кесте 3).


Кесте 3. Әлеуметтік даму индексі және халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы, 2021 ж.

Мемлекет	Әлеуметтік даму индексі, 2021ж.	Рейтингі	Мемлекет	Халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы, 2021 ж.	Индексі (жыл)
Норвегия	92,63	1	Гонконг	84,9	1
Финляндия	92,26	2	Жапония	84,6	2
Дания	92,15	3	Швейцария	83,8	3
Исландия	91,78	4	Сингапур	83,6	4
Швейцария	91,78	5	Испания	83,6	5
Канада	91,41	6	Италия	83,5	6
Швеция	91,20	7	Австралия	83,4	7
Нидерланды	90,57	8	Исландия	83,0	8
Жапония	90,44	9	Израиль	83,0	9
Германия	90,32	10	Оңтүстік Корея	83,0	10
Қазақстан	72,23	64	Қазақстан	73,6	99

Дереккөзі: [9, 10]

Кестегі деректерге сәйкес, алдыңғы үштікте Норвегия, Финляндия және Дания елдері орналасқан. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік даму индексі 72, 23 (100-бен салыстырғанда) 64 орынды иемденді. Ал халықтың орташа өмір сүру өлшемі 73,6 жасқа тең және 99 орында [9]. Көріп отырғанымыздай, инновациялық, өндірістік саласы дамыған мемлекеттер алдыңғы қатарларды иемденіп тұр. Пандемия салдары, халықтың табысының тұтыну құнының төмендеуі мен тауар бағаларының өсуіне әкелді, осыған байланысты, 2022 жылы республиканың орташа жалақысы 275 мың теңге, ал төменгі жалақысы 60 мың теңгеге көтерілді [11]. Яғни, үкімет тарапынан реттеу жұмыстары жүргізілуде. Әрі қарай, әлемдік кедейлер шамасының өзгерісі талданады.

Әлемде кедейлік деңгейдің (1, 90 доллар) өсуі орын алды, осыған орай кедейліктің қалыпташу бағыттарын: бұрыннан қалыптасқан кедейлер шамасы, пандемияға дейінгі, пандемия уақытындағы және пандемия нәтижесіндегі кедейлердің шамасының өзгерісін, жаңа нұсқасын қарастырамыз (сурет 1).



Сурет 1. 2015–2021 жылдар аралығындағы әлемдік кедейлік шегі 1,90\$ доллармен есептелген жаңа нұсқасы (%) [12].

Сурет деректеріне сәйкес, 2015–2018 жылдарында бұрыннан қалыптасқан кедейлік шегі (1,90 доллармен) 10,1 пайыздан 8,4 пайызға төмендеген, ал 2020–2021 жылдарында кедейлік деңгейі пандемияға байланысты өсіп, халықтың кедейленуінің 9,4 пайызға артуын көрсетіп, нәтижесінде әлемде кедейлер санының артуын айқындайды.

Жыл сайын Әлемдік банктің жинақтарында елдердің жан басына шаққандағы ұлттық табысы жарияланады. Елдердің жан басына шаққандағы ұлттық табысы бойынша Қазақстан республикасы екінші категорияға, яғни 1036–12 615 доллар аралығына тиесілі орташа табысы (8820 долл.) бар елдер қатарына жатады (4 кесте мәліметтеріне сәйкес).

Әлемдік Банктің мәліметтеріне сәйкес, елдер мен аумақтар бойынша жан басына шаққандағы 2021 жылғы елдердің жалпы ұлттық табысын қарастырамыз.

Кесте 4. Елдер мен аумақтардың 2021 жылғы табыстың жан басына шаққандағы өлшемдері.

орындары	Елдер мен аумақтар	Табысы, доллармен	Қазақстанмен өзгерістері, долл.
1	Бермуд	117 730	108 910
2	Швейцария	85 500	76 680
3	Мэн аралы	83 160	74 340
4	Норвегия	82 500	73 680
5	Макао	78 640	69 820
6	Люксембург	73 910	65 090
7	Исландия	72 850	64 030
8	АҚШ	65 850	57 030
9	Ирландия	64 000	55 180
10	Дания	63 950	55 130
11	Катар	61 180	52 360
12	Сингапур	59 590	50 770
13	Швеция	55 780	46 960
14	Австралия	55 100	46 280
15	Нидерланд	53 100	44280
69	Ресей	11 260	2 440
81	Қазақстан	8 820	-


Дереккөз: [13]

Кесте деректеріне сәйкес, алғашқы үштікте Бермуд, Швейцария және Мэн аралының табыстары жоғары. Қазақстанның жан басына шаққандағы ұлттық табысы 8820 долларды құрап отыр.

Әрі қарай, 2 суретте COVID-19 салдарынан туындаған кедей аймақтарының құрамы пайызбен талданады.

Нәтижелер

Пандемия кедейлік деңгейін өсіріп жіберді. Кедей аймақтардан Орталық Азия пандемияға дейін ең төменгі кедейлік шегі бойынша 1,90 доллармен 49 пайызды құраса, ал пандемия нәтижесінде 56 пайызға жеткен. Кедейліктің орташа шегі бойынша 3,20 доллармен осы аймақта 115 пайыз болса, коронавирус нәтижесінде 132 пайызға теңелді. Кедейліктің жоғарылау шегі 5,50 доллар бойынша Орталық Азияда пандемияға дейін және кейін 81 және 93 пайызға теңесті. Яғни, барлық аймақтардың ішінен ең жоғарғы деңгей Орталық Азия болып отыр. Нәтижесінде, кедейліктің үш түрлі шегі бойынша да кедейлік шегінің құрылымының күрт өсуі көрінеді.



Сурет 2. COVID-19 салдарынан туындаған кедей аймақтарының құрамы (%), 2020 ж. [14]

Екінші суретте көрсетіліп тұрғандай COVID-19 салдарынан бүкіл дүниежүзінен ең көбірек Оңтүстік Азия мемлекеттері және де Шығыс Азия елдері зардап шекті. Ең көп үлесті 3,20 долл. күнкөріс көрсеткішін көрсетіп тұр.

Талқылау

2019–2020 жылдардағы COVID-19 дамыған мемлекеттердің де әлеуметтік–экономикалық жағдайына қатты әсер етті. Мемлекеттердің өндірістік, туризм, сауда, қызмет көрсету салаларына да кері әсерін тигізді. Салдарынан еңбек нарығындағы жұмыссыздық деңгейінің артуына байланысты, халықтың әл-ауқаты, табыстылығы, төлем қабілеттілігі күрт төмендеді. Экономикалық дағдарысты азайту үшін әлем ең алдымен кедей қауымдастықтарға шоғырланып, COVID-19-ның теріс әсерін жеңуге тырысуы керек.

Республикамыздың әлеуметтік дамуын талдау арқылы және әлемдегі дамыған елдердің көрсеткіштерімен салыстыру арқылы еліміздің әлеуметтік көрсеткіштерінің күшті және осал жақтары, жоғарғы және төменгі көрсеткіштерінің халықаралық рейтингтегі орны мен деңгейі айқындалды.

2021 жылғы Әлеуметтік даму индекстерінің берілген артықшылықтарын тиімді пайдалана отырып, кемшіліктерді шешуге ұмтылуымыз қажет. Жаһандық рейтингтегі индикаторлар бойынша мемлекет стратегиясы осы айқындалған көрсеткіштерді шұғыл шешуге бағытталу қажеттілігі туындап отыр.

Қорытынды

Жаңа рецессия мен қаржылық құлдырау қорқынышына байланысты мұндай кезеңдер денсаулық сақтау, бизнес, үкіметте және жалпы қоғамда тұрақты және күшті көшбасшылықты қажет етеді. Назардан тыс қалған шараларды дұрыс бағытқа қою үшін, халыққа жедел көмек көрсету үшін дереу шешімдерді қабылдау маңызды. Осы дағдарыстан кейін тепе-теңдікті қалпына келтіру және эконо-

миканы қалпына келтіру үшін орта мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлау қажет. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық дамудың кең жоспары, оның ішінде сенімді және тұрақты бизнес-модельдері бар бизнес өкілдері өркендей алатындай кәсіпкерлікті ынталандыратын секторлар мен экожүйелер жоспарлары қажет. Әлеуметтік-экономикалық даму индекстерінің деңгейі арту үшін мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамыту және қолдау өте маңызды.

Мақаламызды қорыта келе, әлеуметтік мәселе өңірлер мен аймақтарда теңсіздіктің қалыптасуы, мемлекеттің экономикалық дамуын тежейтін, тиімділігін төмендететін фактор. Халықтың әл-ауқатының төмендеуі басқарушы биліктің реттеу механизмдерінің тиімсіздігін көрсетеді. Халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасының көтерілуі мультипликативті әсер негізінде жандану мен дамуға әкелетіні белгілі. Мемлекет тарапынан әлеуметтік теңсіздік пен әділдікке қол жеткізу үшін қажетті мемлекеттік бағдарламалардың тиімді орындалуына Жаңа Қазақстан үндеуі арқылы өзекті де күрделі жұмыстардың шешімдеріне үміт артамыз.

Әдебиеттер тізімі

- Lakner C. PovcalNet, Global Economic Prospects / C. Lakner, Y. Nishant. — 2020. <https://blogs.worldbank.org>
 Indicators of social progress 2021. <https://gtmarket.ru/ratings/life>.
 Poverty line, \$1.90, 2015– 2021. <https://www.vsemirnyjbank>
 The level of life expectancy of the population, 2020. <https://gtmarket.ru>.
 Yang X. An integrated analysis of social, economic, and environmental indicators' effects on public health and health inequality globally: From the perspective of vulnerability / X. Yang, L. Geng // Social indicators research. — 2022. — 162 (3). — 1261–1279.
 Estes R.J. The Social Progress of Nations Revised / R.J. Estes // Social Indicators Research. — 2019. — No. 144. — P. 539–574.
 Вебер А.Б. Социальный прогресс: проблемы измерения, сравнительный анализ и вызовы для политики / А.Б. Вебер // Журн. социол. наук и социальной практики. — 2015. — № 3 (11). — <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnyy-progress>.
 Волович В. Модернизация и социальный прогресс / В. Волович // Проблемы современной экономики. — 2014. — № 1 (49).
 Всемирный Банк: Валовой внутренний продукт на душу населения.
 Қазақстан Республикасының статистикалық бюросы, 2022 жыл.
 Макенова Г. 2020. Анализ развития международного туризма и его влияние на туристский рынок: Свидетельство Казахстана / Г. Макенова, М. Тулеубаева // Журн. эколог. менеджмента и туризма. — 2020. — Т. XI, № 8 (48). — С. 2053. Scopus.<https://scholar.google.com/citations>.
 Макенова Г. Международный рынок туризма и его роль в развитии национальной экономики / Г. Макенова // Изв. НАН Республики Казахстан. Сер. социальных и гуманитарных наук. — 2019. — № 327, сентябрь. — P. 5. — С. 186.
 Послание Президента Республики Казахстан. <https://www.akorda.kz/>.
 Турысбекова А.Б. Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму тенденцияларын анықтау / А.Б. Турысбекова, Ә.Қ. Өмірзакова // «Экономика: стратегия және практика». — 2021. — № 2 (16). — Б. 98-106. <https://scholar.google.ru/scholar>.

К.Ж. Бельдибаева, А.А. Умырзакова, Г.Т. Усембаева

Пандемия и индексы социального развития: на примере Казахстана

Аннотация:

Цель: В статье отображены статистические данные стран ЕАЭС, где указана доля импорта молочной продукции Казахстана. А также пояснение того, по каким критериям потребители молочной продукции отдают предпочтение продукции импортного производителя, а по каким — отечественного производителя.

Методы: Используемая методология и подход — статистические данные, качественный метод, а именно: анкетирование.

Результаты: Теоретическая ценность работы: найти особенности отечественных предприятий, рассмотреть конкурентные, экономические факторы предприятия. Благодаря количественным и качественным исследованиям (структурированное интервью) авторы рассмотрели необходимость изучения вкусов потребителей и замены их на отечественную продукцию.

Выводы: По результатам анкетирования среди потребителей сливочного масла выяснилось, что большинство при выборе сливочного масла руководствуются такими критериями, как качество, натуральность ингредиента.

тов, а также ценовая политика. Для того, чтобы предприятие было конкурентоспособным на рынке пищевой промышленности, необходимо особое внимание уделять качеству продукции. Так как это напрямую влияет на дальнейший выбор потребителя.

Ключевые слова: неравенство, социальный статус населения, черта бедности, рейтинг, индекс развития, качество продукции.

K.Zh. Beldibayeva, A.A. Umyrzakova, G.T. Ussembayeva

Pandemic and social development indices: case study of Kazakhstan

Abstract

Object: Pandemic consequences decreased social-economic indicators of countries. Issues such as the poverty line, life expectancy, standard of living became more relevant. Because COVID-19 has changed the structure of the poverty line in the world. To study social condition of people of the Republic of Kazakhstan, this article analyzes the strong and weak sides of social indicators of the country based on international organisations' indicators, the UN and the World Bank data, the formation of a new global poverty line of \$1.90 in connection with the pandemic, the standard of living and the position of Kazakhstan in the world stability rating, and the M. Porter social development index.

Methods: Comparative analysis.

Results: As a result of the study, it was identified that several factors affected the social-economic development of the country. The dependence of Kazakhstan's economic stability on social indicators was examined.

Conclusions: In accordance with the 17 goals of the 2030 Agenda for Sustainable Development, adopted by the UN in 2015, global issues such as sustainable and inclusive development, the eradication of poverty, the fight against social inequality and access to justice are relevant for states, as well as ecological situation. The famous American scientist Michael Porter studied the Social Development Index in 2013 in his research, where he uses more than 50 indicators, consisting of 3 parts. This index determines the ranking of countries in the World Sustainability Index. Economic indicators are not taken into account in this index.

Keywords: inequality, social status of the population, poverty line, rating, development index.

References

- Cavallo, E., Galiani, S., Noy, I., & Pantano, J. (2013). Catastrophic natural disasters and economic growth. *Review of Economics and Statistics*, 95(5), 1549–61.
- Estes, R.J. (2019). The Social Progress of Nations Revisited. *Social Indicators Research*, 144(2), 539–574.
- Indicators of social progress 2021. <https://gtmarket.ru/ratings/life>.
- Lakner, C., & Nishant, Y. (2020). PovcalNet, Global Economic Prospects. <https://blogs.worldbank.org>
- Makenova, G.U. (2019). Mezhdunarodnyi rynek turizma i ego rol v razvitii natsionalnoi ekonomiki [The international tourism market and its role in the development of the national economy]. *Izvestiia. Natsionalnoi akademii nauk Respubliki Kazakhstan. Serii sotsialnykh i gumanitarnykh nauk — News. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. A series of social sciences and humanities*. 327, Section 5, 186 [in Russian].
- Makenova, G., & Tuleubayeva, M. (2020). Analiz razvitiia mezhdunarodnogo turizma i ego vliianie na turistskii rynek: Svidetelstvo Kazakhstana. *Zhurnal ekologicheskogo menedzhmenta i turizma*, XI, 8 (48), 3. Scopus. <https://scholar.google.com/citations> [in Russian].
- Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan [Message of the President of the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from <https://www.akorda.kz/> [in Russian].
- Poverty line, \$1.90, 2015–2021. <https://www.vsemirnyjbank>.
- Qazaqstan Respublikasynyn statistikalıq bürosy Qazaqstan Respublikasynyn statistikalıq bürosy, 2022 жыл [Statistical Bureau of the Republic of Kazakhstan, 2022] [in Kazakh].
- The level of life expectancy of the population, 2020. <https://gtmarket.ru>.
- Turysbekova, A., & Umyrzakova, A. (2021). Qazaqstan aimaqtarynyn aleumettik-yekonomikalıq damu tendentsiialaryn anyqtau [Identification of trends in socio-economic development of regions of Kazakhstan]. *Ekonomika: strategiia zhane praktika zhurnaly — Economics: the strategy and practice*, 2 (16), 98–106 [in Kazakh].
- Volovich, V. (2014). Modernizatsiia i sotsialnyi progress [Modernization and social progress]. *Problemy sovremennoi ekonomiki — Problems of modern economy*, 1(49), 13–19 [in Russian].
- Vsemirnyi bank: Valovoi vnutrennii produkt na dushu naseleniia [World Bank: Gross domestic product per capita].
- Weber, A.B. (2015). Sotsialnyi progress: problemy izmereniia, sravnitel'nogo analiza i vyzovy dlia politiki [Social progress: measurement problems, comparative analysis and challenges for politics]. *Zhurnal sotsiologicheskikh nauk i sotsialnoi praktiki — Journal of Sociological Sciences and Social Practice*, 3 (11). Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnyy> [in Russian].
- Yang, X., & Geng, L. (2022). An integrated analysis of social, economic, and environmental indicators' effects on public health and health inequality globally: From the perspective of vulnerability. *Social indicators research*, 162(3), 1261–1279.